

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен келіссөз жүргізді, – деп хабарлайды akorda.kz.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – ТАБЫСҚА БАСТАР ЖОЛ



Кездесуде мемлекет басшылары Қазақстан-Ресей стратегиялық әріптестігінің өзекті мәселелерін жан-жақты талқылады. Сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қарым-қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Шын мәнінде, Қазақстан мен Ресей арасында стратегиялық серіктестік негізіндегі қарым-қатынас орнаған. Биыл біз дипломатиялық қарым-қатынас орнатудың өте маңызды датасы – 30 жылдығын атап өтіп жатырмыз. Осыдан 30 жыл бұрын Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қойылды. 2013 жылы осы Шарт елдеріміз арасындағы одақтастық қатынастар туралы сіз қол қойған жаңа құжатпен толықтырылды. Сондықтан қалыптасқан негіз өте жақсы, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық ынтымақтастық табысты дамып келе жатқанына тоқталып, өнеркәсіп кооперациясы біздің көңілімізден шығатындай елеулі нәтижелерге жеткенін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, сауда динамикасы дұрыс жағынан дамып жатыр. Былтыр сауда көлемі 24,5 миллиард долларды құрады. Президент бұл көрсеткішпен Ресей біздің тауар айналымымызда бірінші орында тұрғанын айтты.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ және басқа да халықаралық институттар арқылы белсенді ынтымақтасып келе жатқанымызға тоқталды.

– Биыл Қазақстан ТМД-ға төрағалық етеді. Қазан айында ТМД саммиті өтеді. Оған өзіңіз қатысасыз деген сенімдем. Оның үстіне Ресей Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында маңызды рөл атқарады. Бұл – шынымен де халықаралық форматтағы ынтымақтастықтың басым бағыты, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазіргі геосаяси жағдайдағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелеріне назар аударды.

– Геосаяси жағдайдың ерекшелігі үкіметтерімізге қосымша нұсқаулар беру үшін келісіп алу қажет екенін көрсетіп отыр. Олар бір-бірімен табысты қызмет етіп келеді. Дегенмен өмірдің өзі жаңа міндеттер қояды және олар шешуді қажет етеді. Жалпы біздің ынтымақтастығымыздың дамып келе жатқанына қанағаттануға толық негіз бар. Мен бұл тұрғыда сізбен келісемін. Бізді ортақ шекара біріктіреді. Ол – әлемдегі ең ұзын, құрлықтағы толығымен делимитацияланған шекара. Біздің ынтымақтастығымыздың болашағына қатысты пессимистік болжамдар жасауға, әрине, негіз жоқ! Мен Қазақстан Республикасының Президенті ретінде барлық саладағы екіжақты ынтымақтастығымызға қосымша серпін беруге ниеттімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа шақыруын қабыл алып, Сочиге келгеніне алғысын білдірді.

– Шақыруымды қабыл алғаныңызға рахмет. Біз екеуіміз үнемі кездесіп тұрамыз. Жақында ғана жүздескен едік, бірақ Сочиде кездесуге келістік. Алдымызда өте ауқымды жұмыс бар. Ал биыл ерекше жыл. Біз қазан айында дипломатиялық қарым-қатынастың 30 жылдығын атап өтеміз. Осы датаға орай түрлі іс-шаралар жоспарланып отыр. Біздің министрліктер мен ведомстволар белсенді жұмыс істеп жатыр. Үкіметаралық комиссия қарқынды жұмыс істеп келеді. Сыртқы істер, қорғаныс министрліктері бірлесіп түрлі іс-шараларды, соның ішінде ҰҚШҰ аясындағы бірлескен оқу-жаттығуларды және тағы басқаларын дайындап жатыр. Тауар айналымы өсіп келеді. Былтыр 34,4 пайызға өссе, биыл бес айда 9 пайызға дерлік, 8,8 пайызға өсті. Инвестициялар екі жақтан да артып келеді. Меніңше, Ресей инвестициясы 18 миллиард долларға жетті, ал Қазақстанның Ресейге салған инвестициясы төрт жарым миллиард шамасында. Қазақстанның сауда-экономикалық серіктестері арасында Ресей бірінші орында тұр. Бізде сондай-ақ жақсы ірі жобалар дамып жатыр. Жоғары технологиялық салаларда, соның ішінде ғарыш саласында жұмыс істейміз. Жалпы жұмыс барлық бағыт бойынша айтарлықтай қарқынды әрі оң бағытта жүріп жатыр. Біздің кездесуіміз, әрине, сенімді стратегиялық серіктестігімізді дамытуға қосымша серпін беретініне өте қуаныштымын, – деді Ресей басшысы.



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

23 тамыз
сейсенбі
№67 (1871)
2022 жыл

апталығы

■ АЛТЫН ДӘН – 2022

ОРАҚ ТҮСТІ ЕГІНГЕ



Алашқа ана атанған Сыр өңірі – еліміздің құт қонған өлкесінің бірі. Ақ күрштен тау тұрғызатын Қызылорда Сыр маржанын өндіретін ынтымағы артқан, ырысы тасыған аймақ ретінде де жұртшылыққа белгілі. Төскейінде төрт түлігін түлеткен де осы жұрт. «Жер жомарт, жерге сенген ел жомарт, еңбек еткен ер жомарт» деген дикандар ел ризығын еселеу жолында қашанда табандылық танытып келеді. Сыр еңбеккерлері биыл да құралақан емес. Дикандар егінге орақ салды. Қызу еңбекті алғаш болып Сырдария ауданының шаруалары бастады. Орақ салу рәсіміне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, еліміздің Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев пен Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешов қатысты. Сондай-ақ даңқты күршіші, Еңбек Ері Абзал Ерәлиев, сала ардагерлері мен ауыл шаруашылығы құрылымдарының өкілдері егіншілер қуанышына ортақтасты.

Ел ырысы саналатын сары алтынды қамбаға жинауды «Ақжарма и Қ» фермерлік қожалығы бастады. Аймақ басшысы министрлермен бірге күрші алқабына барып, алғашқы орақ салу рәсімін өткізді. Нұрлыбек Нәлібаев Президенттің, Үкіметтің қолдауы негізінде биыл шаруалар былтырғыдай су тапшылығын көрмегенін тілге тиек етіп, дикандарға ақжарма тілегін арнады.

– Облыс халқының басым бөлігі ауылда тұрғандықтан біз қашанда егін егу мен жинау науқандарын аса жауапкершілікпен өткіземіз. Жыл басында күрші көлемін былтырғы 84 мыңнан 64 мың гектарға дейін түсіру жоспарланғанын жақсы білесіздер. Алайда ондай шешімнің аймақ халқы үшін зарлаптарын болжай отырып, біз ол қадамға бармадық. Яғни күрші

көлемін 78,6 мың гектар көлемінде сақтап қалдық. Орын алған қиындықтарға қарамастан суды тиімді пайдалану, егістікті кезекпен суару, қашырқылағы суды екінші рет пайдалану қолға алынды. Бұған қоса, әртарапандыру бағытында суды аз қажет ететін мал азығы, көкөніс, бақша дақылдарының көлемін арттыруға жұмыс жасалды, – деді облыс әкімі.

Мұнан кейін меймандар егін жинауға арналған ауыл шаруашылығы техникаларымен, облыста өндірілетін агроном түрлерімен танысып, сала мамандармен пікір алмасты. Ведомство басшылары өз кезегінде дикандардың ала жаздай еткен еңбегін жоғары бағалап, ел Үкіметі қысқа мерзім ішінде мемлекеттік бағдарламаларды одан әрі жандандыру міндеті тұрғанын атап өтті.

2 БЕТТЕ

■ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

Білім саласындағы ауқымды да маңызды іс-шараның бірі – республикалық тамыз кеңесі өтті. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруші ұстаздар қауымымен алда тұрған басты міндеттерді айқындайтын бұл конференцияның маңызы зор.

БІЛІМ САЛАСЫНДА ҚАНДАЙ БЕТБҰРЫС БАР?

Білім беру саласы қызметкерлерінің дәстүрлі Тамыз кеңесіне Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов, салалық министрлер, әкімдіктердің өкілдері, педагогтер қатысты. Жиында биылғы өзгерістер айтылып, алдағы міндеттер айқындалды. Сапалы білім беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеу үшін қандай шаралар қолданған жөн. Маңыздыларына тоқталғанды жөн көрдік.



Президенттің тапсырмасы аясында педагог мәртебесін арттыруға бағытталған істер оң нәтиже көрсетіп келеді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов келесі жылдан бастап мектеп директорлары мен мұғалімдер аптасына бес күн ғана жұмыс істейтінін мәлімдеді.

3 БЕТТЕ

АНЕСТЕЗИОЛОГ



«Гиппократ» антын қабылдап, міндетін абыроймен атқарып жүрген бірінші санатты дәрігер анестезиолог-реаниматолог Асқар Дүзубеков білікті мамандар санатынан.

Ол алғаш еңбек жолын 1996 жылы қалалық перзентхананың анестезиология-реаниматология және қарқынды ем бөліміне

дәрігер ординатор қызметінен бастады. 2015 жылдан бастап, аталған бөлімнің меңгерушісі қызметін атқарып келеді. Осы салада 26 жыл тапжылмай еңбек етіп келе жатқан дәрігерге халықтың, оның ішінде аналардың алғысы зор.

Ана мен бала денсаулығы бәрінен маңызды. Оған сергек қарап, жауапкершілікті сезіну осы

сала мамандарына жүктелген міндет. «Адамның бір қызығы – бала» демекші бүгінгі біздің кейіпкеріміз осындай қиын да қызық салада қиналған жанға қол ұшын беріп келеді. Ол жұмыс барысында білімі мен

тәжірибесінің арқасында ана мен бала өмірін сақтап қалауда.

4 БЕТТЕ



СУ ЖҮЙЕЛЕРІ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА: САПАСЫ ҚАМАЙ?

Қаладағы ауыз су мен кәріз жүйелерінің мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Жаз басталса су машақаты одан сайын артады. Ол проблеманы шешу үшін де бірқатар жұмыс атқарылуда. Біз бұл жұмыспен Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыстағы департаменті ұйымдастырған баспасөз турында таныстық.

Кәсіпорынның активтерін жаңалау, қолдау, қайта жаңғырту және техникалық қайта жаратандыру мақсатында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының және табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыстық департаментінің бірлескен бұйрығымен «Қызылорда су жүйесі» мекемесіне 2020-2024 жылдарға 423,16 млн теңге инвестициялық бағдарлама бекітілген. Қазіргі таңда бұл қаражатқа 1,3 шақырым ауыз су және 1,1 шақырым кәріз жүйелерін күрделі жөндеу және техникалық қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде су жүйесінің тозығы 19-дан 18 пайызға азайса, кәріз жүйесінің тозығы 20-дан 19 пайызға кеміген.

2 БЕТТЕ

COVID-19: 3 НАУҚАС ТІРКЕЛДІ

Соңғы тәуліктегі дерек бойынша коронавирус инфекциясын 3 адам жұқтырған. Олар – қала тұрғындары.

Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз қызметі мәлімдегендей, вирус жұқтыру дерегімен 3 қызылордалық тіркелген. Барлығы да ауру симптоммен анықталған. Жалпы республика көлемінде қауіпті инфекция жұқтырушылар саны біршама азайған.

Мамандар вирусқа қарсы екпенің 1, 2 компонентін алған тұрғындардың 71,2 проценті ревакцинациядан өткенін айтады. Оның ішінде медицина қызметкерлері, құқық қорғаушылар, мұғалімдер, студенттер мен әлеуметтік сала мамандары, «Д» есептегі науқастар бар.

Қазіргі таңда ревакцинациядан өтуі тиіс 38130 тұрғынның 25934-і ғана қайта екпе салдырған. Бұл көрсеткіш 68 процентті қамтып отыр. Ал облыстың вакцина қорында «Казвакшын» 476, «Синовактын» 10595 дозасы бар.

Ақмешіт-ақпарат.

ОРАҚ ТҮСТІ ЕГІНГЕ

— Қызылорда — күріштің астанасы. Саралап қарасақ, 6,8 мың гектар Алматы облысында бар, Түркістан облысында да аз емес, шамамен 1,5 мың гектар. Ал негізі 78,6 мың егіс алқабының бәрі, яғни 90% дәл осы Сыр өңірінде. Ең өзекті мәселе, яғни дренажды жүйелерді жақсартуға жеткілікті мән берілсе, өнімділік одан да арта түседі. Бұл аймақта күріш өндіру өте жақсы дамыған. Ішкі қажеттілікті де, экспортты да қамтып отырған осы шаруалардың зор еңбегін атап өту қажет, — деді ауыл шаруашылығы министрі.

Егіс алқабындағы мерейлі сәт «Дала күні» семинар-кеңесімен жалғасты. Шет елдің ғалымдары мен білікті мамандары және отандық кәсіпкерлер өзара тәжірибе алмасып, тиімді байланыс орнату мәселесін сөз етті.

Алқалы басқосуда облыс әкімі Ербол Қарашөкеев су тапшылығы жағдайында күріш шаруашылығын одан әрі дамыту үшін арнайы бағдарлама қабылдау қажет екенін және Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының жұмысын жандандыруда бірлескен шаралар қабылдауды алға тартты. Ал Серікқали Брежневке аймақтың 178 мың гектар инженерлік жүйеге келтірілген егістіктен айрылып қалу қаупі бар екенін жеткізді. Сол себептен суармалы жерлерді қалпына келтіру және айналымға қосу бойынша әзірленген жобалардың іске асуына ықпал етуді сұрады.



млрд теңге бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда. Қабылданған шаралардың арқасында жалпы биыл вегетациялық кезең шығынсыз аяқталуда, — деді экология, геология және табиғи ресурстар министрі.

Сыр еліне жұмыс сапары аясында ауыл шаруашылығы мен экология, геология және табиғи ресурстар министрлері облыс әкімімен бірге Ақжарма ауылының тыныс-тіршілігімен танысып, шаруа қожалығындағы күріш зауытының жұмысын көрді.

Ақжарма шаруа қожалығы өз қаражаты есебінен ауылды көркейту-қоғалдандыруға, су жүйелерін жөндеу мен тазалауға, әлеуметтік дүкен мен монша құрылысын салуға, орталық стадионды жөндеуге және өзге де әлеуметтік бағыттарға 310,6 млн теңге бөлген. Сондай-ақ құны 122,6 млн теңге болатын күріш өңдеу зауыты мен астық сақтайтын қойма салған.

Мұнан кейін ведомство басшылары Нағи Ілиясов ауылдық округіне барды. 2250 халқы бар Нағи Ілиясов ауылында «Нұрлы жол» және «Ауыл — ел бесігі» бағдарламалары аясында 126,3 млн теңге ауылдық округтің кіреберіс жолына күрделі жөндеу жүргізілсе, 39,7 млн теңге көпбалалы отбасыларға 3 тұрғын үй салынған. Сондай-ақ 525,9 млн теңге қаражатқа 11 көше қайта жаңғырды. Ауылдың гүлденуіне қолдау ұлес қосқан «Абал және К» ТС жеке қаражаты есебінен ауылды абаттандыру және тұрғындарды әлеуметтік қамсыздандыру бағыттарына 797,2 млн теңге қаржы бөлген. Айталық, 384 млн теңге спорт кешенін салып, 137 млн теңге ауылдық ғимарат жанадан бой көтерді. Сондай-ақ Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған ескерткіш құрылысы жүргізілген.

Мұнан кейін министрлер Қызылорда қаласындағы су торабының қайта жанарту жұмысымен танысты. Плотина қиыршық ыспа құм үстіне темір бетонды конструкциясы темір және ағаш шпунттарға орналастырылған. Қайта жаңғырту жұмыстарына бюджеттен 1 млрд 260 млн теңге бөлінді. Жұмыстар толық орындалған жағдайда Қызылорда су торабынан төменгі ағысқа 1200 м³/с-тен 1900 м³/с-ке ұлғаятын болады.

Р/с. Еңбектің ер атаңдыратынын жан-тәнімен түйсінген Сыр еңбеккерлері қашанда көш басында екені белгілі. Еңбегін жерден терген диқаннар еткен еңбектің еш кетпесін біледі. Қызылордадағы жұртшылық жүздырықтай жұмысында ана жетістікке жететіндіктерін естен еш шығарған емес. Бұған қос министр куә болған тынымды тірлікті дәлел етуге болады.

А.АҚЫЛБЕК



Биыл өңірдегі егіншілер тұқым сапасын арттыруда украиндық ғалымдармен бірге ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарын тәжірибе ретінде егуді қолға алды. Бұл ретте Украина ауыл шаруашылығы ғылыми ұлттық академиясы күріш институтының директоры Владимир Дудченко әріптестік танытуға мүдделі.

Нұрлыбек Нәлібаев суды аз қажет ететін өнімдерге басымдық беру арқылы өнімділік мәселесін жолға қоюға болатынын жеткізді. Айталық, аймақта жүгері егу суды қажет етеді, егер оны экспорттасақ оның табысы күріштен де қомақты болады. Сондықтан сала мамандары жүгері өндіру ісіне ерекше мән бермек. Бұл — әртарапандырудың нақты мысалы, Сыр өңірінде су мәселесі проблемалық деңгейде болғаны рас. Дегенмен мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде Қызылорда облысындағы су шаруашылығы жағдайы тұрақтанды.

— Су тапшылығының алдын алу мақсатында биыл 22 каналды механикалық тазалау, 41 ұңғыманы жөндеу және бұрғылау, сорғы қондырғыларын сатып алу жұмыстарын жүргізуге Үкімет резервінен 3,6

Басы 1-бетте



Басы 1-бетте

Кез келген уақытта жеке шаруашылық жүргізу үшін немесе үй салу үшін жер қажет екені белгілі. Яғни жер халықтың бірден бір қажеттілігі. Жекеменшік жер алуға сұраныс қандай деңгейде? Қала тұрғындары үшін бұл мәселе қалай шешіліп жатқанын білмек болып қалалық жер қатынастары бөлімінің басшысы Ғанибек Омаровпен сұхбат жүргізген едік.

— Ғанибек Маратұлы, бөлім жұмысы туралы таратып айтып өтсеңіз. Жыл сайын қанша азамат жер телімін алуға және қандай критерийлер бойынша беріледі?

— Қызылорда қаласы бойынша жеке тұрғын үй құрылысы үшін бүгінгі күнге дейін, яғни 2005-2022 жылдар аралығында 70 007 азамат жер кезегінде тұр. 2005 жылы 11

мақсаты бойынша игерілмеген жер учаскелеріне кодекстің талаптарына сәйкес шара көру.

Түгендеу жұмысының нәтижесімен кәсіпкерлік үшін 40 жер учаскесі, одан бөлек ауыл шаруашылығы және жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілген 3000-ға жуық жер учаскелері Қызылорда қалалық кірістер басқармасына ұсынылды.



ЖЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК

163 азамат жер кезегіне тіркелсе, бүгінгі күнге дейін 3 200 азамат әлі жер алмаған. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін беру қағидасына 2021 жылы өзгеріс енгізілген болатын. Осы өзгеріске сәйкес қалалық сәулет және құрылыс бөлімі тарапынан бірінші кезең бойынша жұмыстар атқарады. Ал жер қатынастары бөлімі екінші кезең бойынша жұмыс атқарады. Бірінші кезең дегеніміз кезекте тұрған азаматтар қала әкімдігіне өтініш білдіреді, әрі қарай соған сәйкес сәулет және құрылыс бөлімі инфрақұрылым бойынша қатынас хат жолдайды. Әр мекемеден қорытынды алғаннан кейін кадастрлық жоспарды әзірлетуге жібереді. Екінші кезеңде жерге орналастыру бойынша жұмыстар бекітілген соң әкімнің қаулысы әзірленеді. 2021 жылдың наурыз айынан бастап осы бағытта жұмыстар атқарылуда.

— Жерді заңды тұлғаға, жеке адамдарға меншікке, жалға беру жайы қалай?

— 2015 жылға дейін жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелері азаматтарға жеке меншік құқығына берілген. Бірақ бұл мүмкіндікті пайдаланған азаматтар жер учаскесін игермей сауда-саттыққа, яғни, бизнеске айналып қалған. Осы мәселелерге шектеу қою мақсатында ҚР Жер кодексінің талаптарына сәйкес 2016 жылдан бастап жер 3 жыл мерзімге жалға беріледі.

— Осы уақыт ішінде аукцион (сауда-саттық) арқылы жер сату, жалға беру істері бойынша қала қазынасына қанша қаржы түсті?

— 2022 жылдың қаңтар айынан бастап бүгінгі күнге дейін жер учаскесін сату, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту бойынша қала бюджетіне 279 млн 757 мың теңге түсті. Ал жалға алу, жер учаскесін сату бойынша 31 млн 260 мың теңге, жалға алған жер учаскесі бойынша 6 млн 344 мың теңге қаражат түсті. Бүгінгі күнге дейін барлығы 317 млн 362 900 теңге қала бюджетіне түсірілді.

— Пайдаланымай жатқан жерлерді тиімді пайдалану үшін қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

— Қазіргі уақытта жеке тұрғын үй құрылысы үшін, кәсіпкерлік үшін және ауыл шаруашылығы үшін берілген жер учаскелеріне түгендеу жұмыстары жүргізілуде.

Түгендеу жұмысының негізгі мақсаты жер учаскесінің нысаналы

Сонымен қатар мақсатқа сәйкес игерілмеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің меншік иелеріне жүргізілген түсіндірме жұмыстарының нәтижесімен 7 жер учаскесі өз еркімен мемлекет қорына қайтарса, 619 жер учаскесіне мал басын тіркеу арқылы мақсатына сәйкес игеруде. Одан бөлек, пайдалану мерзімі аяқталған 92 жер учаскесі және жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілген 1475 жер учаскесі мемлекет қорына қайтарылды.

— Кәсіпкерлік мақсаттағы жер телімін қалай алуға болады?

— Мемлекет басшысы кәсіпкерлерді қолдауға көптеген бағдарлама енгізіп мүмкіндіктер жасауда. Осы орайда, Жер кодексінің 48-бабына сәйкес, кәсіпкерлікпен айналысу үшін кәсіпкерлік бағытында пайдалануға болатын жер учаскелерін жер қатынастары бөлімімен сәулет және құрылыс бөлімімен бірлесіп отырып, қаланың бас жоспары негізінде бірінші кезекте жер учаскелерін белгілейміз. Ал екінші кезекте инфрақұрылым жайын анықтап, зерттеп барып, арендаға немесе жекеменшікке аукционға шығарамыз. Кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтар қызығушылық танытса аукционға қатысып, жер учаскесін алып өзінің кәсібін жүргізуге мүмкіндіктер болады.

— Қалаға қарасты ауылдық округтерге жайылымдық жерлер қажет екені белгілі. Бұл тұрғыда шешімдер тұрған мәселе бар ма?

— Қаламызда екі кент, жеті ауылдық округ бар. Оның ішінде екі ауылда ғана жайылымдық жер жеткілікті. Қалған ауылдық округтерде жайылымдық жер жеткіліксіз. Осыған байланысты жалға алған жерлерді мемлекет қорына қайтару қатаң қадағаланды. Жыл соңына дейін нақты шаралар қолданылатын болады.

— Жер телімін алған азаматқа жылжымайтын мүлікті салу үшін 3 жыл уақыт беріледі. Ал сол мерзімге үлгермеген азаматтардың жағдайы қалай болады?

— Сұрағыңыз орынды. Заңға сәйкес тұрғын үй құрылысын салу үшін 3 жыл мерзімге жалға берілген жерлерді сатуға, сыйға беруге және тағы басқа іс-әрекеттерге тиым салынған. Бұл жөнінде тұрғындарға, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы ұдайы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеміз. Дегенмен адам болғаннан кейін түрлі жағдай болады. Біреуінің отбасылық жағдайы, екіншісінде денсаулық мәселесі туындайды. Сондықтан

осы жайттарға байланысты қала әкімдігі, жер комиссиясы тарапынан ескеруші қалдырылып жатқан жоқ. Мәселен, бір кісілер үйдің шатырын жауып, терезесін салса ол жерді жекеменшікке шығарып береді. Ал кейбір отбасылар бар, тек қана фундамент құяды немесе үйді көтеріп, терезесін салып қояды. Мұндай жағдайларда мерзімін ұзартып бере алады. Ең бастысы, жер учаскесінде құрылыс бар. Сол мүмкіндікті біз ескеруші қалдырып жатқан жоқпыз. Ал 3 жылда мүлдем игермеген азаматтардан жерді алып, мемлекет қорына қайтарамыз. Себебі жер кезегінде тұрған халық саны көп. Бізге жер сұрап келіп жатқандардың көбі 2006, 2007 жылғы арыздар бойынша «жер қашан беріледі?» деп көп сұрайды. Ал 2005 жылғы арыздар әлі аяқталған жоқ. Жыл соңына дейін 2005 жыл бойынша кезекте тұрғандарға жер беруді аяқтауға облыс және қала әкімі тарапынан тапсырма берілді. Қазір сол бағытта жұмыстар қолға алынған. Жер учаскесі бойынша табыстау туралы қабылдаған шешімін құзырлы орган қызметкерлері жіті бақылап отыр. Азаматтардың кезектен тыс алуына жол берілмейді.

— Жер алуға қалай кезекте тұруға болады?

— Қазақстан Республикасының кез келген азаматы бір рет жеке тұрғын үй үшін жер учаскесін алуға құқылы. Тұрғындар арасында мынадай сұрақтар көп көтеріледі: «Біреуден жер сатып алсам немесе маған мұрагерлікке қалса жер кезегіне тұра аламын ба?» деген сұрақтар кездеседі. Мұндай жағдайда жер ала алады. Ең бастысы, мемлекет тарапынан тегін жер алмаған болу керек. Сыйға тарту немесе мұрагерлікке қалған жер есептелмейді.

Қазіргі таңда кез келген азамат Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметінің egov.kz порталы арқылы тұрғын үйдің жер кезегіне қоя алады. Жеке тұлға өзінің жер кезектілігіне қойылғандығы немесе оның жылжығаны туралы мәліметті бірінші Мемлекеттік Жылжымайтын мүлік кадастры мар.gov4z.kz/egkn сайты арқылы біле алады. Осы арқылы Қызылорда облысына немесе басқа да аймақтарға жер кезегіне тұруға толық мүмкіндік бар. Қала әкіміне келіп, өтініш жасамай-ақ, электронды түрде кезекке тұруға мүмкіндік жасалған.

— Өңімізге рахмет.

Сұхбаттасқан Айтқолқы АЙТЖАНОВА

СУ ЖҮЙЕЛЕРІ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА: САПАСЫ ҚАЛАЙ?

Атап айтқанда, өткен жылы ауыз су жүйесіне байланысты Жаппасбай батыр көшесіндегі бақылау құдығынан Қорқыт ата көшесіне дейінгі ауыз су құбырына күрделі жөндеу, Дүйсенов көшесінде №69 тұрғын үйдің ауыз су құбырына күрделі жөндеу секілді бірқатар жұмыс атқарылған. Одан бөлек 1 көтеру сорғы станциясының ұңғымалық сорғы жабдықтары ауыстырылған.

Қаладағы кәріз жүйесі бойынша Скатов-Шүкіров киелісындағы кәріз құдығынан №14 «Универсам» КНС қабылдау құдығына дейінгі Д-400 мм өздігінен ағатын кәріз жүйесі, Панфилов көшесінде орналасқан КК-4 №28 «Шұғыла» КСС-ке дейін өздігінен ағатын кәріз жүйесі және Тасбөгеттегі Амангелді көшесіндегі КК-1-ден КК-2-ге дейінгі Д-225 мм өздігінен ағатын кәріз жүйесі күрделі жөндеуден өткен. Одан бөлек Мұратбаев көшесіндегі өздігінен ағатын коллектор, Әуелбеков көшесіндегі №56, №58 және №64, Әуелбеков көшесіндегі №25, №34 тұрғын үйінен Сүлейменов көшесіндегі кәріз құдығына дейін өздігінен ағатын кәріз жүйесі күрделі жөндеуден өтті.

Қазіргі кезде жаңғырту жұмыстары жүріп жатқан көшенің бірі — Қыдыров-Романов көшелерінің киелісі. Мұнда №12 канализациялық сорғы станциясын ашып-

жабу камерасына дейін екі желілі қысымды кәріз жүйесі қайта жанартылуда. Аталған жұмысты «Механизатор-К» серіктестігі жүргізуде. Одан бөлек бұл серіктестік Желтоқсан, М.Әуезов, Бостандық көшесіндегі ауыз су жүйесін жанартуда.

Ал «Корпорация Әлем-Құрылыс» серіктестігі Бөкейхан көшесіндегі су құдығынан бастап Төле би, Е.Көшербаев, Баймағанбетов көшелерінің киелісындағы су құдығына дейінгі Жеміс көшесінің ауыз су жүйесінің құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Мұндағы жұмыстар жылдың соңына дейін, желтоқсанда аяқталуы тиіс.

— 2022 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаға сәйкес кәсіпорының өз қаражаты есебінен 210 млн теңгеге 2,9 шақырым ауыз су жүйелерін және 1 кәріз жүйесін күрделі жөндеу жұмыстары қарастырылған. Қазір тендерлік жұмыстар жүрде. Қаладағы ауыз су және кәріз жүйелерінің сапасын жақсарту мақсатында бұл жұмыстар жалғасын табады, — дейді табиғи монополияларды реттеу комитеті облыстық департаменті басшысының орынбасары Ғалым Тойлыбек.

Биыл республикалық және облыстық бюджеттен «Бойтерек» мөлтек ауданындағы насос стансасы мен 7

ұңғымасын қазу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жобаның жалпы құны 1 млрд 119 мың теңгені құрады. Жалпы шаһарда 18 шақырым ауыз су және 5,5 шақырым кәріз жүйелері ауыстырылуда. Аталған жұмыстар қалалық құрылыс бөлімінің тапсырысы бойынша атқарылуда.

— Жалпы қаладағы ауыз су жүйесінің 18 процентті тозығы жеткен, ал кәріз жүйесінің бұл көрсеткіші 19 процентті құрайды. Биылғы жұмыстар аяқталса, біздің жоспар бойынша, бұл көрсеткіштер тағы да 4-5 процентке азаяы керек. Биыл инвест бағдарлама бойынша 210 млн теңгенің жұмыстары атқарылуы тиіс. Алайда нарық ахуалына және қажетті құралдардың жетіспеуіне байланысты мемлекеттік сатып алуға мердігерлер жұмыс жүргізуден бас тартуда. Осыған орай министрлік пен департаментке біздің тарапымыздан ұсыныс дайындалуда. Ұсыныс бойынша біз бөлінген қаражат сомасын өзгертусіз, бірақ жұмыс жүргізілуі тиіс нысандарды ауыстырмақпыз. Егер ұсыныс қолдау тапса мемлекеттік сатып алу жүйесі арқылы жұмыс жүргізіледі, — дейді «Қызылорда су жүйесі» КММ басшысының орынбасары Нұрлан Өтепов.

А.БІРКЕНОВ

ШЫРАҒДАН



Басы 1-бетте

«Келесі жылдан бастап үш ауысымдық мектептерді қоспағанда, барлық мектеп бес күндік жұмыс форматына ауысады. Біз осындай шешім қабылдадық. Бұл мектеп директорларына, мұғалімдерге және барлық қызметкерге қатысты. Мұғалімдер сенбі күні демалуы тиіс. Олар сенбі күні өз балаларының қасында болуы керек. Бұл мектеп директорларына да, оқу ісі менгерушілеріне де қатысты», – деді оқу-ағарту министрі тамыз конференциясында.

Министр бұл өзгеріс ұстаздардың еңбек демалысына әсер етпейтінін атап өтті. Демалыс уақыты 56 күн болып өзгеріссіз қалатынын жеткізді. Сонымен қатар мектеп директорлары сенбі күні әдістемелік күндер өткізіп

немесе мұғалімдерді қалай да болсын мектепке шақыртып алуы қою қажет. Министрдің сөзіне сүйенсек, мұғалімдер де, директорлар да сенбі күні демалады.

Олар үй-үйді аралаудан және міндетіне кірмейтін жұмыстардан босатылады. Министрліктің бұйрығына сәйкес енді мұғалімдер күн сайын тек екі құжат қана толтырады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес мұғалімдер жалақысы 25 пайызға көбейеді. Тек мектеп мұғалімдері емес, қосымша білім беру ұйымдарындағы қызметкерлердің жалақысы артады.

Елімізде онлайн мектеп пен колледждер бойынша норма заңды түрде бекітілуі мүмкін. Сонымен қатар алдағы уақытта онлайн білім беруге арналған біліктілік шарттары да жасалады.

– Пандемия барлығымыз үшін үлкен

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

БІЛІМ САЛАСЫНДА ҚАНДАЙ БЕТБҰРЫС БАР?

сын болды. Жүйені бір сілкіткіп алды. Әрине, онлайн білім беруге әртүрлі көзқарас болуы мүмкін, дегенмен мұның шындыққа айналғанын түсінуіміз керек. Біз онлайн мектептер мен колледждер бойынша норманы заңды негізде бекіту үшін шара қабылдағанымыз келеді, – деді министр.

Бас ұстаз бұл мәселенің алдын ала талқылаудан өтетінін жеткізді.

– Қазір ғаламтордың шекарасы жоқ. Егер балалар біздің елде белгілі бағыттар бойынша онлайн колледжде білім ала алмаса, мұны өзге елдердің онлайн колледждерінде оқи алады. Сондықтан бізге мәселенің жоқ екенін айтудан гөрі, мәселені шешіп, заңдастыру керек, – деді оқу-ағарту министрі.

Тамыз кеңесінде мектеп директорларын арнайы жоғары оқу орындарының базасында магистратурада даярлау қажеттігі сөз болды. Мұндай ұсынысты Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова жасаған.

– Мемлекет басшысы міндеттеген 1 мың мектептің құрылысын жүзеге асыру аясында мектепті басқару және білімдегі қиыншылықты қамтамасыз ету үшін, әрине, директорлар корпусы қажет. Егер директор болмаса, онда ол

мектептегі білімнің сапасы туралы да, ол жердегі олимпиада туралы да айту, бәрі де бекершілік. Сондықтан біз ең мықты, көшбасшы, оқу процесін жетік білетін мектеп директорларын арнайы

білім беру жүйесін жетілдіру аясында тұрмысы нашар, әлеуметтік осал топтардағы отбасы балаларын тек мектеп формасымен немесе ресурстық қана емес, сонымен қатар олардың

Сондықтан да ұстаздарға деген құрмет әрқашан биік болуы қажет.

Сондай-ақ тамыз кеңесінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аудару қажеттігі айтылды. Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов әкімдіктерге адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықпен бірлесіп, адам және бала құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың аумақтық бөлімшелерін құруды жеделдетуді, лицензияланған ұйымдарды, мектептерді күзетуге тарту бойынша талаптардың сақталуын қамтамасыз етуді; полиция департаменттерімен бірлесіп жолдарда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыру, бұл жұмысқа қолданыстағы полиция инспекторларын тартуды тапсырды.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметіне сүйенсек, 2022–2023 оқу жылында елімізде 3,6 млн бала 7 637 мектепте білім алады.

Биыл білім саласындағы бетбұрыстар осындай бағыттар бойынша өзгермек. Жана оқу жылында мұғалімдерді де, оқушыларды да үлкен міндет күтіп тұр. Ол – сапалы білім.



жоғары оқу орындарының базасында магистратурада даярлау қажет деп білеміз, – деді Мәжіліс депутаты. Жұлдыз Сүлейменова инклизивті

зияткерлік, мәдени, физикалық дамуын да қамтамасыз ету қажеттігін баса айтты. Балаға білімді, құндылықты, тәрбиені қалыптастыратын мұғалімдер.

Жана оқу жылынан әрбіріміз оң өзгерістер күтетініміз анық. Әсіресе мектеп табалдырығын алғаш аттайтын өрендер ерекше толқитын сәт. «Қандай мектепке барған дұрыс?» деген сұрақ ата-аналарды да ойландырмай қоймайды. Жана оқу жылы жақындаған сайын ата-аналардың да, ұстаздардың да жауапкершілігі күшейе түсетіні анық. Бұл жергілікті биліктің де назарынан тыс қалмайтын мәселе. Сондықтан да облыстық білім басқармасына хабарласып, жана оқу жылы қарсаңындағы жаңалықтар жайлы сұраған едік.

Аймақтағы 295 мемлекеттік және 16 жекеменшік білім беру ұйымдарында 182 мың оқушы білім алады деп күтілуде. Бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда бес мың балаға көбейген. Жоспарға сәйкес, Арал және Жанақорған аудандарындағы екі апатты мектептің құрылысы толық



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР

аяқталып, жана оқу жылына беріледі. 2022–2023 оқу жылында сыныптың екі топқа бөлу жүзеге асырылады. Қалалық және ауылдық мектептерде сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болған кезде екіге бөліп оқытылады. Мектеп табалдырығын 17 898 бүлдіршін ақтайды деп күтілуде.

– Жана оқу жылында жаңа өзгерістер көп. Мәселен, бірінші сыныпта оқу жылының ұзақтығы 35 апта болып белгіленді, ал 2–11 сыныптарда 36 аптаға дейін ұзартылды. Осыған байланысты оқу жылы 31 мамырға дейін ұзарды. Тағы бір өзгеріс 1–ші сыныптың оқу бағдарламасында «Шетел тілі» мен «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды. Бұл ретте меншік және оқыту түріне қарамастан, үлгілік оқу жоспарын таңдауға академиялық еркіндік беріледі. Бірінші сынып оқушылары «Әліппе» мен «Ана тілі» пәндерін оқыса, «Көркем еңбек» пәні екіге бөлініп, «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері оқытылады. Сонымен қатар 1–сыныпта оқушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды. «Өзін-өзі тану» пәні үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінен шығарылды, яғни енді міндетті пән ретінде оқытылмайды, – дейді облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердәулетов.

Білім – қоғамның көш баспаушы күші. Сондықтан бұл саланың сапасын арттыру жолға қойылып келеді. Ал сапалы білімді игеру үшін заманауи талапқа сай ғимаратта білім алған маңызды. Қазіргі уақытта күрделі жөндеуден өтуге тиіс білім ошақтарының жұмыстары қыркүйек айына дейін аяқталады.

Осы жылдан бастап «Алтын белгіге» үміткерлер үшін «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні бойынша қорытынды аттестаттау Назарбаев Зияткерлік мектептерінің базасында жазбаша емтихан түрінде өткізіледі. Сонымен қатар биылдан бастап халықаралық пәндік олимпиада жетімпаздары мен олардың педагогтеріне бір реттік ақшалай сыйақы беріледі.

Сондай-ақ мектептер 100% интернет желісіне қосылып, бес оқушыға бір компьютер арақатынасында 44 127 компьютерлік құрылғымен қамтамасыз етілген.

Биыл жас өрендерді оқулықпен қамтамасыз ету қаржыны қолға алынған. Яғни кітап жетіспеушілігі болмайды деп күтілуде. Осы орайда оқулық және оқу-әдістемелік кешендермен қамту бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, 13 баспамен 86 келісім-шарт жасалып, 1,4 млрд теңге қаржыға 637 313 дана оқулық алынған.

Осылайша, облыс орталығындағы мектептер жаңа оқу жылына сақадат сай. Бүгінде мектеп табалдырығын аттайтын өрендердің тізімі нақтыланып, әлеуметтік аз қамтылған отбасылар анықталуда. Оларға арнайы көмек беріліп, балғындардың аталған жүйеден алшақтамауына барлық жағдай қарастырылады.



Мәселен, «Мектепке жол» акциясы басталғандан бері қаржылай көмекті алу үшін аймақ бойынша 30 мыңнан астам өтініш түскен. Міндетті оқу қорынан берілетін бір реттік көмек 20–25 тамыз аралығында ата-аналар немесе заңды өкілдердің жеке есеп шоттарына аударылады.

– Биыл міндетті оқу қоры есебінен көмекке мұқтаж отбасы ретінде 31 322 бала есепке алынған. Аталған қор есебінен бір реттік қаржылай көмекпен қамтамасыз ету үшін облыстық бюджеттен 1 млрд 171,4 млн теңге бөлініп отыр. Аз қамтылған отбасынан шыққан барлық 31 322 балаға 37 389 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілетін болады. Өткен жылмен салыстырғанда көмек көрсетілетін бала саны биыл 1451-ге көбейген. Осы орайда міндетті оқу қорынан қаржы алмайтын 1601 балаға демеушілер есебінен 18 млн 653 мың теңге көлемінде материалдық көмек

көрсетілді. Айта кетейік, міндетті оқу қоры қарастырылмаған жеке мектептерде бүгінде атаулы әлеуметтік көмек алатын 192 бала білім алуа. Олардың кепілдік берілген әлеуметтік көмек алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында ірі компаниялар арқылы қаржылай көмек

ШЫҒЫСТАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Сырсуңкар Базарбайұлы XXIII республикалық Абай оқуларында жүлделі II-орынды жеңіп алды.

Абай облысындағы «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешенінің базасында өткен дәстүрлі байқауға жалпы білім беретін ұйымдардан 120-дан астам оқушы қатысқан. Дарынды өрендер Абай мен Шәкәрім шығармашылығынан 6 аталым бойынша бақ сынасып, қазақ халқының поэзиясын, рухани мұрасын көпшілікке насихаттаған.

Аймақтағы зияткерлік мектептің оқушысы Сырсуңкар «Көңілім әнді ұғалды» аталымы бойынша өнер көрсетті. Ол ұлы Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» атты өлеңін домбырамен шебер орындап шықты.

«Бұл шығарма Абайдың тағдырын, киыншылықтарын, еңбектерін ашып көрсетеді. Өмірде мықты болғын келсе, Абайды оқы!»

Абайдың өмірдегі ашып көрсетеді. Өмірде мықты болғын келсе, Абайды оқы! А Қ Ы Н

өлеңдерінің зор тәрбиелік мәні бар. Мен үшін Абай – қайталанбас тұлға», – дейді жүлдегер.

Сырсуңкардың әдебиеттанудағы жетекшісі Құлжахан Өксікбаева мен музыкадағы ұстазы Жарасбек Өтебаев шәкірт жетістігі оның бойындағы таланты мен қажырлы еңбегінің жемісі деп санайды.



Тамыздың аяқталуына санаулы күндер қалды. Осы айда қалың жұрт балаларын ертіп базарға барып, мектеп формасын дайындап жүр. Себебі қоңырау соғылып, мектеп есігі оқушыларға айқара ашылар күн де жақын.

Биыл қымбатшылық қалтаны қысып тұр. Азық-түлікпен қатар, күннен-күнге оқу құралдары мен мектеп формасының бағасы өсіп жатыр. Мәселен, бір жыл ішінде кеңсе тауарлары 9,9 пайызға, мектеп формасы 25–30 пайызға қымбаттаған. Кейбіреулер дәптер қымбаттайтынын естіп, ерте бастан қамданған. Айтса айтқандай, дәптер бағасы шарықтап кетті. Бұрын 5 теңгенің дәптерінің құны артып тұр. Осыдан ақ әр баланы мектепке дайындауға аз шығын кетпейтінін бағамдауға болады.

Зерттеулерге сүйенсек, Қазақстанда төрт және одан да көп бала тәрбиелен отырған 487,6 мыңға жуық көпбалалы отбасы бар. Отбасындағы әрбір балаға берілетін жәрдемақы мөлшері айына – 12 252 теңге. Қазір білім сапасы, оқу құралдарының қымбаттауы ең өзекті мәселе. Себебі көпбалалы отбасы үшін әжептәуір салмақ.

«Жана оқу жылында мектеп формасына қойылатын талаптарға өзгеріс енгізілмейді. Мектеп формасына қойылатын талаптар министрліктің 26-бұйрығына сәйкес сақталуда» – деген еді Оқу ағарту министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті төрағасының орынбасары Жомарт Қарамбаев. Сонымен қатар ата-аналарға мектеп формасын отандық өндірушілерден сатып алу ұсынылуда. Ал сатып алатын өндіруші мен сауда орталығын ата-аналар өздері таңдайды.

Қымбатшылық қалтаны қысып тұрғанда бағасы мен сапасы

үйлесетін киім-кешек пен құрал-жабдықтарды түгендеу оңай емес. Бір баланы мектепке киіндіру мен қажетті заттарын алу үшін қанша теңге керек? Белгілісі, базар бағасы бытырғыдай қымбат. Сонымен бір отбасында балаларын киіндіру үшін қанша қаражат керек?

Базар бағасын бағамдап қайттық.

Қазір барлық мектепке бірдей форма енгізілген жоқ. Себебі ата-ана қалтасына қарай киіндіруге болады. Бірқатар мектептер

спорттық аяқ киімдер сапалы болғаны жөн. Дегенмен олардың да ер арзаны 7–8 мыңнан басталады. Ал сапалысы қалтаға әжептәуір салмақ. Бағасы 15 мыңнан асып түседі.

Сонымен баланы мектепке дайындау қанша тұратынын есептеп көрдік, нәтижесінде мектеп формасына 15 мың теңге, екі аяқ киім – 15 мың, спорттық киім – 12 мың, кенесік тауар мен сөмке орта бағамен 15 теңгеге барды. Қорыта келгенде, бір баланы мектепке дайындау үшін кемінде 60–70 мың теңге қаражат болуы қажет. Ал көпбалалы отбасындағы шығынды

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ: ҚАНША ҚАРАЖАТ КЕРЕК?



ак жеілде мен кара немесе көк белдемшені таңдаған. Базарда қыздарға арналған ак жеілде 3500 теңгеден басталып, 10 000 теңгеге дейін барады. Қымбатын аламын дейтіндерге одан да жоғары баға да бар. Ұлдардың ак жеілдесі де осы бағада. Белдемше ескі базар аумағында 3000–8000 теңге аралығында болса, дүкендерде 10000–14000 теңгеге дейін барады.



Жай базардың өзінде «түріктің» ак жеілдесі қымбатқа сатылып жатыр. Қыздардың спорттық киімінің арзаны 10 мың, сапасы жақсысы 25 мың теңге, ал ер балалардың костюм-шалбары 15 мыңнан жоғары.

Қымбатшылықты сатушылар да мойындайды. Тауарды көбіне Қырғызстан, Қытай, Түркиядан әкеледі. Бүгінде орташа бағадағы Қырғыз елінің киімдеріне сұраныс көп. Ал Түркия киімдерін тек қалтасы көтеретіндер алады.

Ата-аналар ең болмаса баласының сапалы аяқ киім кигенін қалайды. Күнделікті киетін туфли,

есептегенде көпке түсері анық. Себебі үш-төрт баласы мектепке баратын отбасыларың ақшасы есеңсіз кететіні белгілі.

Осы орайда, бұрын бір-бірімізден қалған киімді киіп жүретін едік деген ой келеді. Ал қазіргі балаларда ондай түсінік жоқ. Барлығы қатардан қалғыс келмейді. Одан бөлек, бір жылға алынған киім бір жылда тозып қалады. Сапасыз болғандықтан шығар.

Баланы бағып-қағу, киіндіру әрбір ата-ананың міндеті. Сондықтан әр баланың қалауын орындап, шамасы келгенше мектепке дайындап жүр. Базардағы баласын ертерек анық бір гана ниеті – қатардан қалмау. Қымбатшылықтың өсерінен қалтасындағы соңғы қаржыға бала алдындағы парызын орындаймын деп те жүр. Кейбірі несиеге алып жатыр. Амаж жоқ...



Бетті дайындаған
Айтқалың АЙТЖАНОВА



Басы 1-бетте

Негізі біздің салаға көп адам қызыға бермейді. Өйткені анестезиолог дәрігер ең ауыр жағдайда шұғыл, жедел шешім қабылдау керек. Ота кезінде түрлі жағдай болуы мүмкін. Мәселен, қайғылы жағдай да жансақтау бөлімінде біздер тұрамыз. Соны көбі психологиялық тұрғыдан көтере алмайды. Одан кейін қазір халық бірден арыз-шағым жазды. Ол жерге науқас қандай жағдайда, қалай түсті, мұнымен ешкім санаспайды. Бүгінде жас мамандар осындай келеңсіздіктен қорқып, бұл салаға келе бермейді. Сондықтан 1996 жылдан бастап бұлға дейін біздің бөлім толық құраммен жұмыс істеген емес. Дәрігермен қамтамасыз етуде ең көп болған кездің өзінде 46 процентті ғана құрады. Яғни жартысына да жеткен жоқ. Кейде бір маман екі-үш дәрігердің жұмысы мен жауапкершілігін алып жүруге тура келеді. Негізі акушерлік анестезиолог үшін екі-ақ стратегия бар. Атап айтсақ,

әйелдің анализдерімен танысады. Жеке сөйлесіп, оған отаның маңыздылығы мен қиындығын түсіндіреді. Оған қоса, анестезиолог науқастың медициналық препараттарға аллергиясы бар-жоғын,



АНЕСТЕЗИОЛОГ

қиын жағдайда дені сау ана мен дені сау баланы алып шығу. Ал өте ауыр кезде денсаулығы қандай болса да анасын құтқару. Өмір болған соң бәрі де кездеседі. Қазақ «жүкті әйелдің бір аяғы жерде, бір аяғы көкке» деген тәмсілді бекер айтпаса керек. Адамнан адам шығуы әсте оңай емес. Себебі

оның психологиялық жағдайын тексереді. Анестезиолог науқасқа қажетті көлемде наркоз салып, ауруды жасанды демалу аппаратына қоспайынша ота басталмайды. Сондай-ақ ота толық жасалып біткенше науқастың қасында болып, оның артериальды қан қысымын, дем алуын,

жоғарылатып, тәжірибе алмасты. Бүгінде кейіпкеріміз анестезиология мен реаниматологияның жана тәсілдерін толық меңгерген білікті дәрігер.

Жұмысы қарбалас болса да, соның бәрін мүлтіксіз атқарып жүрген Асқар Айдарұлының еңбегі еленіп

НЕОНАТОЛОГ ДӘРІГЕРЛЕР ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Қызылорда облыстық перинаталдық орталығында неонатолог дәрігерлер тәжірибе алмасты, жана туған сәбилерде жиі кездесетін сырқат түрін талқылады.

Неонаталды көмекті қажет ететін науқас нәрестелерге жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді жақсарту мақсатында Жамбыл облыстық көпбейінді ауруханасының перинаталдық құрылымының неонатолог дәрігері Талғат Толықбаев облыстық перинаталдық орталығына келіп, неонатолог дәрігерлермен кездесу өткізіп, тәжірибе алмасты.

Дәрігер Талғат Жорабекұлы нәрестелер жансақтау бөлімшесін аралап, жұмысымен танысып, ауыр жағдайдағы сәбилердің жағдайын көрді.

Тәжірибе алмасу жоғары жиілікті осцилятор әдісімен тыныс алуды қолдау, балалардағы жедел бүйрек жетіспеушілігінде интенсивті емдеудің ерекшелігі, балаларда орталық тамырды қатерлерге әдісін ультрадыбыстық бақылау, шоктар, респираторлық көмек тақырыбындағы дәрістерге жалғасты.

Сонымен қатар неонатолог дәрігер экстремальды төмен және өте төмен салмақты нәрестелерді күтудің принциптері, ана сүтімен тамақтандыруды насихаттау және оны ұстану қағидаттары туралы да айтып өтті.



БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ — БАСТЫ МІНДЕТ

Балалар жылында елімізде балалар арасындағы аурушандық пен мүгеделіктің өсуіне жол бермеу тиімділігін арттыруға бағытталған бірнеше іс-шара жүзеге асуда. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі балалардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету бойынша барлық шараларды қабылдауда. Бұл туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасы хабарлады.

Осылайша елімізде неонаталдық хирургияны одан әрі дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары және балалар онкологиялық және гематологиялық көмегін жетілдіру жөніндегі Жол картасы бекітілді.

Бүгінде балалардағы ауруды ерте қамту және диагностикалау мақсатында жана туған нәрестелер мен жас баланы скринингтік тексеру бағдарламасы енгізілді.

Елімізде жыл басынан бері осы кезге дейін 157 870 нәресте неонаталдық скринингтен қамтылды. Нәтижесінде фенилкетонуриямен, туа біткен гипотиреозбен балалар

анықталды. Ал аудиологиялық скринингпен 1,2 млн-нан астам бала қамтылды. Осылайша түрлі дәрежедегі құлақ мүжістігі бар, әрі қарай емдеуге және түзетуге бағытталған балалар анықталған.



Сонымен қатар 1 млн-ға жуық ерте жастағы балаларды скринингтік аттестаттауға, олардың көру және

есту функцияларын бағалауға, коммуникацияның бұзылуына бағытталған ерте жастағы балалардың психофизикалық даму скринингімен қамтылды. Олардың 1,4 процентінен психофизикалық дамудың бұзы-



бізде бәрі аяқ астынан болады. Мәселен, хирургиялық қан кету бір-екі сағатта байқалса, акушерлік қан кету 15-20 секунд уақытта орын алады. Нақтырақ айтсақ, жүкті келіншектің ағзасы міндетті түрде өзгереді. Бірінің бүйрегі сыр берсе, енді бірін қан қысымы мазалайды. Сол үшін отамен босандыру кезінде түрлі асқинулар кездеседі. Сондықтан анестезиолог болу оңай емес, — деді Асқар Айдарұлы.

Расында, қандай да бір науқасқа ота жасалар алдында жұмысты анестезиологтар бірінші бастайды. Ауру тарихын, науқастың немесе босанатын

тамыр соғуы мен дене қызуын және тамыр басқа да адам өмірі үшін маңызды процестерді қадағалап отырады.

Ал ота жоспардан тыс шұғыл жасалатын кезде өте ұқыпты және дұрыс шешім қабылдай білу керек. Сонымен қатар анестезиолог дәрігер операциядан кейінгі кезеңде науқастың жағдайын тексеріп, реаниматолог дәрігердің де қызметін атқарады. Сондықтан бұл мамандық аса жауапкершілікті талап етеді. Түсінуімізше, ота үстінде, емделушінің жағдайын қадағалау барысында анестезиолог зерек және байқампаз болуы тиіс.

марапатқа ие болып келеді. Атап айтсақ, ана мен бала денсаулығына қосқан үлесі үшін «Қазақстан Республикасының медицина саласының үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, денсаулық сақтау министрлігінің грамотасымен марапатталған.

Облыстық ана мен бала орталығында жылына шамамен 12 мыңдай бала дүниеге келіп, оның ішінде кем дегенде 3-4 мың анаға ота жасалады. Осыдан-ақ анестезиолог дәрігер жұмысының қаншалықты жауапты әрі маңызды екенін түсіне беріңіз.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

БОЛАШАҚ АНАҒА КЕҢЕС

Жүкті әйелге босану кезінде және босанғаннан кейін ескеру қажет пайдалы кеңес бар. Бұл нәрестені қауіпсіз тууына, ал ананың денсаулығына байланысты мәселені болдырмауға көмектеседі. Босану кезіндегі әйелдердің қателіктерін талдайық:

Ауруханаға баруға әлі ерте

Көптеген болашақ ана, әсіресе егер олар алғаш рет босанатын болса, қатты уайымдайды. Алғашқы мазасыздану кезінде дәрігерлерге баруға дайын тұрады. Алғашқы ай толғақ басталған кезде немесе уақытым келді деп ойлайды, бірақ әлі босанатын уақыт келген жоқ.

Ауруханаға тым кеш бару

Сондай-ақ керісінше, өз үйінен шығуға асықпайтын аналар да бар.

Өз күшін есептей алмау

Кейбір болашақ аналарға алғашқы толғақ қатты әсер етеді. Олар мазасызданып, дірлідеп, қорқады және қысылады. Жалпы олар босанудың басында моральдық және физикалық күштерін белсенді жұмсап қояды. Осы кезеңде мүмкіндігінше демалып, тыныштанған дұрыс. Нәрестені босану кезінде қажет болады.

Толғақ арасында демалмау

Кез келген түсініксіз жағдайда демалу. Бұл күш алуға және дем алуға мүмкіндік. Уақыт өткен сайын мұндай мүмкіндіктер аз болады.

Дәрігерді тыңдамау

Әлемнің барлық қорстарынан өтіп, босану туралы кітаптарды оқығаннан кейін де өзім білемге салынбаған жөн, дәрігерлер жақсы біледі, дәрігердің тәжірибесіне сеніңіз.



Бетті дайындаған
Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

Меншік иесі:

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігіБас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВТелефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер - 1022)
Жауапты хатшы, болдыр - 40-11-10 (ішкі номер - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптаасы 2 рет, сәйкесінше, сәуір күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігін ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3716 Тапсырыс №1396

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ